

## **Ақтау қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 8/46 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 желтоқсанда № 4645-12 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Ақтау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтау қалалық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 38/425 "Ақтау қаласы Өмірзақ ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4412 болып тіркелген);

2) 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 10/81 "Ақтау қаласы Өмірзақ ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 38/425 шешіміне өзгерістер енгізу туралы".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтау қалалық мәслихатының төрағасы*

*С. Закенов*